

МРНТИ 159.9

Ш.О.Орынғалиева

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей, Қазақстан
(E-mail: sh.oryngalieva@gmail.com)*

Психологиялық құзіреттілік феноменологиясын зерттеудің теориялық мәселелері

Аңдатпа. Қазіргі қоғамдық дамудың үрдісі өз іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогына түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір жағдайларына төтеп бере алатын білімгерлер ғана болашақтың кілтін аша алады. Сондықтан да қазіргі психология ғылымында тұлғаның қалыптасуындағы іс-әрекеттің маңыздылығы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Құзыреттілік - білім алушылардың білімі ғана емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін тандауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Мақалада құзіреттілік, психологиялық құзіреттілік ұғымдарына анықтама берілген. Отандық және шетелдік психологияда кәсіби іс-әрекеттің табысты және субъектінің кәсіби дамуының тиімділік детерминанты ретінде психологиялық құзіреттілікті білім берудің негізі ретінде қарастыру мәселелері ғылыми тұрғыда тұжырымдалады. Психологиялық құзіреттілік анықтамасына түсіндірмелі мінездеме бере отырып, оның өзіндік құрылымдық және мазмұндық ерекшелігімен даму, қалыптастырудың бағдарламасын ұйымдастыру жақтары да қарастырылады.

Түйін сөздер: құзіреттілік, психологиялық құзіреттілік, коммуникативті құзіреттілік, рефлексия, қарым-қатынас, психологиялық іскерлік.

DOI: [https:// doi.org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-133-139](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-133-139)

Қоғамның әлеуметтік, ғылыми прогресс, экономика саласында болып жатқан өзгерістер білім беру саласына да өзіндік жаңғырту, жаңашылдық өзгерістер әкелетіні сөзсіз. Қазіргі білім беру саласындағы жаһандану өзгерістері де әлемнің жаңашыл үрдістеріне байланысты. Осыған орай, халықаралық стандарттарға сай жоғары білім беру жүйесіне де қойылатын талап өте жоғары.

Қазақстандағы білім беру саласын жетілдіру бойынша Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында түбегейлі жаңа мақсаттар қойып, білім саласы жеке жетілдіру бағыты ретінде көрсетілген. Сондай-ақ, «Қазақстан-2050» жаңа стратегиялық бағытының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, маман даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарлары» атты бөлімінде кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керектігі нақтыланған. Жоғары оқу орындары тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс екендігі аталып өтілген [1]. Себебі, білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады. Қазіргі білім беру саласында біліктілігі жоғары болашақ маманның өсуі құзыреттіліктің кәсібилік мәселесін ерекше қарастырады.

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының

тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [2]. Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, дамытатын жаңашыл өзгерістерді тиімді пайдалана білетін болашақ мамандарды даярлауды міндеттейді.

Құзыреттілік мәселесіне тұлғаның маман ретіндегі интегративті сапалары, білім, шеберліктер және дағдылар жүйесі, типтік міндеттерді шешу амалдарын талдау жатады. Құзыреттілікті қалыптастыру тұлғаның әртүрлі қасиеттерінен туындайды. Оның негізгі қайнар көзі оқу және субъективті тәжірибе болып табылады. Құзыреттілік үнемі ұмтылысты жетілдіруді сипаттайды.

Заманауи психология ғылымындағы психологиялық құзыреттілік әлеуметтік психология, тұлға психологиясы, даму психологиясы, әлеуметтік психология, акмеология және педагогикалық психологияда субъектінің өмірлік іс-әрекетіндегі ғылыми рефлексияның пәні болып табылады. Психологиялық құзыреттілік феноменіне қызығушылық адамға негізделген функционалды, прогностикалық, бейімделуші жетістіктерді түсіндіретін және психологиялық құрылымның тәсілдері мен механизмдерін жүзеге асырудың негізгі мәселелеріне жауап беруден туындады.

Психологиялық білім, дағды, іскерлікті меңгеруден бастап, тұлғаның жүйелі мағыналы, мотивациялы, эмоционалды, тұлғалық және мінез-құлқын түсіндіруде «психологиялық құзыреттілік» ұғымының мазмұнын авторлар түрліше түсіндіреді. Қазіргі уақытта психологиялық құзыреттілікті диагностикалық құрал және оның феноменологиялық мазмұны, тәсілдері, құрылымын түсіндіретін психологиялық феномен әлі зерттелуде.

Психологиялық құзыреттілікті дамыту қазіргі психология мәселесі ретінде детерминанттар мен жағдайлар, кәсіпті меңгерудің әр түрлі кезеңдеріндегі кәсіби құзыреттілікті дамыту бағыттары мен үрдістері, құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерудің сыртқы және ішкі факторларының арақатынасы, психологиялық құзыреттілікті дамыту деңгейінің өлшемі мен өлшемдері және т.б. әртүрлі бағыттар бойынша қарастырылады. Бүгінгі күні психологиялық құзыреттілікті түсіндірудің түрлі тәсілдері белгіленген. Олардың біріншісі, субъектінің психологиялық біліктерінің өсуінің басты маңыздылығын ескерсе, екіншіден, жеке тұлғаның жалпы психологиялық құзыреттілігін құрайтын құзыреттіліктің әртүрлі түрлерін дамытуға назар аударады, Бұл бағыт өкілдері құзыреттілікті дамыту туралы мәселе, ең алдымен, оның нақты аспектілерін дамыту тұрғысынан қойылуы тиіс екенін атап көрсетеді [3].

Психологиялық құзыреттілік психологиялық феномен ретінде концептуалды сызба және түрлі бағыттар аймағында шетелдік және отандық психологтар зерттеулерінің пәні болып келді. «Психологиялық құзыреттілік» түсінігі жеке санада психологиялық мазмұнның, психологиялық жағдайдың ұсынылуы және оларды шешу тәсілі ретінде көрінеді.

Н.В.Яковлева: «психологиялық құзыреттілікті адамның өзін-өзі реттеуінің құрылымдық жүйесінің сапасы» деп көрсетсе, Т.Е.Егорова: «Мен» концепциясын құрастырушы, мағыналық білімді саналы меңгеру иерархиясы» деп түсіндіреді [4].

И.С.Якиманская тұлғалық-дамыту идеясын дамыта отырып, психологиялық құзыреттілікті педагогикалық әрекетте балалармен жұмыс жасау, бала мінез-құлқын дұрыс интерпретациялау, оның қалпын адекватты бағалай алу, кәсіби позициясын нақты білудегі психологиялық білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығы негізінде көрсетеді [5].

Отандық және шетелдік психологияда кәсіби іс-әрекеттің табысты және субъектінің кәсіби дамуының тиімділік детерминанты ретінде психологиялық құзыреттілікті білім

берудің негізі ретінде қарастырады. Психологиялық құзіреттілік мәселесі А.К.Маркова, Л.М.Митина, Л.А.Петровская, М.И.Лукьянова, А.В.Брушлинский, А.А.Бодалев, Дж.Равен, М.Аргайл, Ю.Мель, К.Рубин еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Психологиялық құзіреттілік - психологиялық білімнің бірізділігі, әлеуметтік психологиялық мінездеме жиынтығы және психологиялық іскерлік. Аталған анықтама психологиялық құзіреттілікке түсіндірмелі мінездеме бере отырып, психологиялық құзіреттілік феноменінің өзіндік құрылымды және мазмұнды ерекшелігімен даму, қалыптастырудың бағдарламасын ұйымдастырудың мағынасын түсіндіре алады.

Қазіргі кезде құзіреттілік тұлғаның бәсекеге қабілетті интегралды мінездемесі ретінде сипатталады. А.П.Журавлев, Л.М.Литина және Т.Н.Щербакова көзқарастары бойынша, құзіреттілік бәсекеге қабілетті адамның атрибуты ретінде білім, іскерлік, дағды және тәсілдерді орындау әрекеті компоненттер қатарын біріктіреді [6].

Психологиялық құзіреттіліктің концептуалды теориялық моделін құрастыруда бірнеше позициялар ескерілген:

- акмеологиялық мінездеменің интегралды жүйесі сияқты психологиялық құзіреттілік шынайылыққа ұмтылуда дамиды, бір мезетте жоғары деңгейге жетуге ұмтылыс береді;
- тұлғалық, кәсіби іс-әрекет, кәсіби орта және т.б. жүйелерде өзіне деген ықпалдылықты сезінуге мүмкіндік береді;
- психологиялық құзіреттіліктің даму темпі, мазмұнын анықтайтын өзін-өзі реттеу жетістігіне енетін тұлғаның субъективті позициясы.

Т.Д.Колябина білім, оқу және өзін-өзі жетілдіру үрдісіндегі болашақ маман ішкі сенімі мен эмоционалды тұрақтылығының көрінісі деп тұжырымдайды [7].

Бүгінгі күні психологиялық құзіреттіліктің жекеленген компоненттері зерттелген: кәсіби өзін-өзі тану (Д.В.Розин, А.А.Реан), іс-әрекеттің эффективті стильдері (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова) және қарым-қатынас (С.А.Шейн, А.А.Юодаев, Л.А. Петровская, Г.А. Ковалев), психологиялық іскерлік (Л.М.Митина, Ю.Н.Кулюткин, Н.В.Кузьмина), коммуникативті құзіреттілік (Ю.М.Жуков, Л.А.Петровская), кәсіби-тұлғалық сапа (М.И.Лукьянова). Зерттелген еңбектерде кәсіби іс-әрекетке дайындық және тиімділікті анықтау контекстері қарастырылған. Бұл сұрақтар кәсіби әрекетті анықтаудың контексін қарастырады. Сонымен қатар, мәселенің негізі кәсіби әрекеттегі психологиялық білім, іскерлік, дағды мәнін жете түсіну болып табылады. Өзара әрекетті жағымды тұрақты тиімділігін қамтамасыз ететін, интергративті білім берудің құралы ретінде психологиялық құзіреттілікті кәсіби тәжірибеде қолдану үшін оның мазмұнын, құрылымы мен моделдерін ажырата білу қажет [8].

Маманды кәсіби даярлау үрдісінің психологиялық-педагогикалық негіздері (Ю.К.Бабанский, Н.В.Кузьмина, В.В.Сериков, Н.Д.Хмель, С.М.Кеңесбаев); білім алушылардың танымдық, коммуникативтік әрекеттерінің түрлері және оны белсендендіру мәселесі (Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Жақыпов, М.Ә.Пәрленбетов, Н.Б.Жиенбаева, А.Р.Ерментаева) отандық психология ғалымдарының еңбектерінде зерттелген [9].

Тұлға қасиеттерінің жүйесі ретінде психологиялық-педагогикалық құзіреттілік терминін М.И.Лукьянова да қарастырады. Бұл жерде кәсіби-білімдік, кәсіби-әрекетті, кәсіби-тұлғалық компоненттері негізінде психологиялық-педагогикалық құзіреттіліктің интегралды мінездемесін ажыратады [10].

Л.В.Губанова психологиялық құзіреттілікті үш бірлікте қарастырған:

- қарым-қатынас әрекетін бейнелеуші және вербалды, вербалды емес құралдар аймағында білім, іскерлік, дағдыларды қамтитын коммуникативті бірлік;
- оқытушының өзі туралы білімін негіздейтін аутопсихологиялық бірлік;
- оқытылатын пән аймағының мазмұнын көрсететін білім мен іскерліктің гностикалық бірлігі.

Бұл жерде құзіреттіліктің коммуникативті құрылымы психологиялық мазмұнда болады. Теориялық зерттеулер мен тәжірибе көрсеткендей, коммуникативті құзіреттілік тек кәсіби маңыздылығымен ғана емес, тұлғалық мәнді мінездеме негізіндегі ерекшелігімен де анықталады. Қарым-қатынастың өзі өзараәрекеттестікпен, эмпатия, рефлексия, белсенділік және эмоционалды-ерік аймағы және т.б. тұлғалық мінездемелермен байланысты.

Аутопсихологиялық бірлік тұлғаның «Мен»-ін сезіне алуына, өзінің көзқарастары мен өмірлік бағдарлары, адекватты бағалауы мен тұлғалық эталондарымен ұштасады. Аутопсихологиялық құзіреттіліктің Мен-концепция, Мен-бейнесі, өзін-өзі жетілдірудегі қажеттіліктерімен өзін-өзі тануының мазмұнды аспектілерімен байланыстылығын көреміз.

Құзіреттіліктің гностикалық бірлігі мазмұнын білім жүйесі, құрылымы, түрлері, перцептивті іскерлік, қарым-қатынас арқылы өзін және басқаларды түсіне алуы, рефлексивтілік, жоғары интеллект, креативтілік ұғымдары негізінде түсіндіріледі [11].

Т.А.Старшинованың зерттеулерін талдай отырып, психологиялық құзіреттіліктің негізі басқа да құзіреттіліктердің пайда болуының себебі деп тұжырымдауға болады. Автор еңбегінде психологиялық құзіреттіліктің зерттелу мәселесіне байланысты, оның бөлімдерін төмендегідей көрсетеді:

1. Бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруда ақпарат алмасу техникаларын жетік меңгеруді, адамдарды ажырата білу, өзара әрекеттестікті жүзеге асырудағы әлеуметтік-тұлғалық құзіреттіліктер.

2. Тұлғалық-әрекеттік құзіреттіліктер өзін кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде тануына, әлсіз және күшті жақтарын түсінуіне, кәсіби өзін-өзі тануына мүмкіндік береді.

3. Когнитивті құзіреттіліктер өзінің білімін жетілдіруді, табыстылыққа қол жеткізуді жүзеге асырады. Бұл түсінік, тұлғаның әрекет түріндегі тәжірибе алмасуды, өзінің даралық стилін қалыптастыруды, дағды, іскерлікті жетілдіруді түсіндіреді.

Осылайша, психологиялық құзіреттілікті жүйелі, интегралды білім беру, тұлғаның ішкі жоспарында – өзін-өзі реттеу, сыртқы жоспарында – әлеуметтік өзара әрекеттестік пен әрекетті жүзеге асыратын бірден-бір негізгі жүйе деп қарастыруға мүмкіндік береді [12].

Г.И.Метельский мен Н.В.Кузьмина зерттеулерінде «Психологиялық құзіреттілік» тұлғаның өзінің психикалық күйін басқаруда, жоғары кәсіби өзін-өзі сезіну, жалпыпсихологиялық дайындығын қамтамасыз ететін білім, дағды, іскерлік жүйесі деп нақтылайы. Психологиялық құзіреттілікті мазмұны бойынша екі бөлікке бөліп қарастырған:

- 1) интеллектуалды (когнитивті) – психологиялық білім мен психологиялық ойлау;
- 2) практикалық (әрекетті) – психологиялық іскерлік пен дағды.

Сонымен қатар, психологиялық құзіреттіліктің түрлеріне әлеуметті-перцептивті, әлеуметті-психологиялық, аутопсихологиялық, коммуникативті және психологиялық-педагогикалық мінездемелерін жатқызады [9, с. 13, 28].

Қазіргі психологиялық-педагогикалық білім беру жүйесінің даму стратегиясын анықтауға және болашақ мамандардың тұлғалық-кәсіби дамуының өзекті мәселелерін тәжірибелік тұрғыдан шешуге міндетті болашақ кәсіби даярлық жүйесінің бейнесін қалыптастыру – қазіргі педагогикалық міндеттердің аса маңыздыларының бірі болып табылады.

Сондықтан, жоғары мектептің күрделі де маңызды бір мәселесі білім алушыларды болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзіретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісіндегі белсенділік тиянақты білім берудің жолдарын қарастырудағы болашақ мамандардың шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген

заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін жетілдіру психологиялық күзiреттілікті дамытудың шарты ретінде қарастырылады. Осыған орай, бүгінгі білім беру кеңістігінде тұлғаны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қаралған күні: 17.04.19).
2. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. - Астана., 2016
3. Яковлева Н. В. Психологическая компетентность и ее формирование в процессе обучения в вузе: дисс... канд. психол. наук. - Ярославль, 1994. - 102 с.
4. Психологические исследования проблемы формирования личности профессионала / Под ред. В. А. Бодрова. - М., 1991.
5. Романов К.М. Психологическая культура личности. - М., Когито-Центр, 2015. - 314 с.
6. Психологические проблемы профессиональной деятельности / Под ред. А.Г. Дикой, А.Н. Занковского. - М.: Наука, 1991. - 168 стр
7. Демидова Н. В. Развитие психологической компетентности студентов — будущих учителей. СПб., 1993.
8. Андросова М.И. Формирование психологической компетентности студентов педагогических вузов // Молодой ученый. - 2014. - №4. - С. 675-676.
9. Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мамандардың кәсіби күзiреттілігін қалыптастыру. Философия (PhD) докторы дәрежесін алу үшін д.диссертация. - Алматы., 2016.
10. Лукьянова М.И. Развитие психолого педагогической компетентности учителя. М., 1996. - 196 с.
11. Губанова Л.Ф. Психологическая компетентность вузовского преподавателя иностранного языка. Дисс. кандидата психол. наук. - Тверь, 1999. - 180 с.
12. Старшинова Т.А., Иванов В.Г. Интегративный подход как основа формирования компетентности // Высшее образование в России. - 2009. - №8. - С. 154-156.

Ш.О.Орынғалиева

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

Теоретические проблемы исследования феноменологии психологической компетенции

Аннотация: Современное состояние развития общества ставит проблему воспитания образованной личности, способной эффективно планировать свои действия, уметь уместно использовать знания, полученные в результате познавательной деятельности, вступать в диалог с представителями различных социальных слоев для достижения конечных целей. Ключ к будущему в руках у тех, кто обладает качественным образованием, высокой степенью познавательностью, кто компетентен и способен выдержать в условиях жесткой конкуренции. В связи с этим в современной психологии одним из актуальных вопросов является значение деятельности в становлении личности. Компетенция заключается не только в знаниях учащихся, но и в познании и объяснении конкретных явлений; в освоении современной техники и технологии; практической жизни; в оценивании своей готовности к получению профессиональных знаний; в необходимости программирования рынка труда; в определении своего места в жизни; в необходимости решения проблем, связанных с жизненными традициями, путями решения недоразумений.

В статье даны определения понятий «компетенция», «психологическая компетенция». С научной точки зрения рассмотрены проблемы изучения компетенции как эффективного детерминанта плодотворной деятельности и профессионального развития субъекта в отечественной и зарубежной психологии.

Представлена сущностная характеристика понятия «психологическая компетенция», рассмотрены структурные и содержательные особенности ее развития, а также организационные аспекты программы по ее формированию.

Ключевые слова: компетенция, психологическая компетенция, коммуникативная компетенция, рефлексия, взаимоотношение, психологическая деятельность

Sh.O.Oryngalieva

Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey, Kazakhstan

Theoretical problems of research of phenomenology of psychological competence

Abstract. The current state of development of society raises the problem of education of an educated person able to effectively plan their actions, to be able to appropriately use the knowledge gained as a result of cognitive activity, to engage in dialogue with representatives of different social strata to achieve the ultimate goals. The key to the future is in the hands of those who have a quality education, high cognition, competent, and able to withstand in a competitive environment. In this regard, in modern psychology, one of the topical issues is the importance of activity in the formation of personality. Competence is not only about students knowledge, but also in the knowledge and explanation of specific phenomena; in the development of modern technology; practical life; assessing their willingness to obtain professional knowledge in programming required of the labour market; in the definition of their place in life; the need to address the problems associated with living traditions, ways of resolving misunderstandings.

The article defines the concepts of competence, psychological competence. From the scientific point of view, the problems of studying competence as an effective determinant of fruitful activity and professional development of the subject in domestic and foreign psychology are considered in domestic and foreign psychology. Besides the characteristic of definition psychological competence is given, its structural and substantial features of development and the organization of the program of its formation are considered.

Keywords: competence, psychological competence, communicative competence, reflection, relationship, psychological activity

References

1. «Kazakstan-2050» Strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty: Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti - elbasy N.A. Nazarbaevtyн Kazakstan halkyna Zholdauy [“Kazakhstan-2050 Strategy: A New Political Course for a Successful State”. Message from the President of the Republic of Kazakhstan - Leader of the Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan] (Astana December 14, 2012). Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (Accessed: 17.04.19).
2. Kazakstan Respublikasy zhogary bilim beru memlekettik standartynyn tuzhyrymdamasy [The concept of the state standard of higher education of the Republic of Kazakhstan] (Astana, 2016).
3. Jakovleva N. V. Psihologicheskaja kompetentnost' i ee formirovanie v processe obuchenija v vuze [Psychological competence and its formation in the process of studying at the University] The dissertation of the candidate of psychol. of sciences (Jaroslavl', 1994, 102 p.).
4. Psihologicheskie issledovanija problemy formirovanija lichnosti professionala [Psychological studies of the problem of professional personality formation]. Edited by V. A. Bodrov (Moscow, 1991).
5. Romanov K.M. Psihologicheskaja kul'tura lichnosti.[Psychological culture of personality] (Kogito-Centr, Moscow, 2015, 314 p.).
6. Psihologicheskie problemy professional'noj dejatel'nosti [Psychological problems of professional activity] Edited by. A.G. Dikaja, A.N. Zankovskij (Nauka, Moscow, 1991, 168 p.).
7. Demidova N. V. Razvitie psihologicheskoy kompetentnosti studentov — budushhih uchitelej.[Development of psychological competence of students — future teachers] (SPb., 1993).
8. Androsova M. I. Formirovanie psihologicheskoy kompetentnosti studentov pedagogicheskikh vuzov [Formation

- of psychological competence of students of pedagogical universities], Molodoj uchenyj, 2014, №4, p. 675-676.
9. Orazbaeyeva K.O. Zhahandanu zhagdaynda bolashak mamandardyn kasibi kuzirettiligini kalypastyru [Formation of professional competence of future specialists in the context of globalization] (Almaty, 2016, p. 8).
 10. Luk'janova M.I. Razvitie psihologo pedagogicheskoy kompetentnosti uchitelja [Development of psychological pedagogical competence of the teacher] (M., 1996, 196 p.).
 11. Gubanova L.F. Psihologicheskaja kompetentnost' vuzovskogo prepodavatelja inostrannogo jazyka [Psychological competence of a University teacher of a foreign language] The dissertation of the candidate of psychol. of sciences (Tver', 1999, 180 p.).
 12. Starshinova T.A., Ivanov V.G. Integrativnyj podhod kak osnova formirovanija kompetentnosti [Integrative approach as a basis of competence formation], Vysshee obrazovanie v Rossii [Higher education in Russia]. 2009. №8. p. 154-156.

Автор туралы мәлімет:

Орынғалиева Ш. О. – «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығының 1 курс PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Мәңгілік Ел көш., 11, Семей қ., Қазақстан.

Oryngalieva Sh. O. — PhD students 1 course in the specialty 6D010300 – Pedagogy and psychology, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Mangilik El str., 11, Semey, Kazakhstan.